

**Қазақ тілі 2023 - 2024 оқу жылына арналған**  
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : **ЖШС "Iskakov Trade" мини-центр "Ақбота"**

Топ: **мектепалды топ «Алғыр»**

Балалардың жасы: **5 жас.**

Жоспардың құрылу кезеңі: **наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы.**

Aйы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Қазақ тілі	<p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуда үйрету;</p> <p>- балалардың заттар мен жағдайларды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;</p> <p>- әндегі мен билердің қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-тұлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Балалардың қоршаған ортага өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздердің қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, і, ғ, ң дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуда дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-тұлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сұзбе, шұбат,</p>

кымыз, айран).

**Тілдің грамматикалық құрылымы**

Сөздердің жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

**Байланыстырып сөйлеу.**

Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуда, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауда, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауда мүмкіндік беру.